

1-жаттығу. Берілген мысалдардан тілдік нормаға сай келетін сөздерді теріп жазыңдар. 1. Меңлі – меңді; жылқыдар – жылқылар. 2. Жұмыршағым ауырды – ас қазаным ауырды. 3. Мата – кездеме. 4. Шыны – шөлмек – шиша – бөтелке. 5. Со сын – содан кейін. 6. Құман – құмған. 7. Жиырманшы – жиыrmасыншы. 8. Төртеуі – төртеусі. 9. Көбі – көбісі. 10. Сен бар – сен барғын.

2-жаттығу. Ежелгі және заманауи ғимараттарды салыстырыңдар. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктері не сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазыңдар. Сөз саны – 100–120.